

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 231 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 маусымда № 32901 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 109-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған сәйкес Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
Реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 22 маусымдағы
№ 231 Бұйрықпен
бекітілген

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 109-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1)әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін

автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

2) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – кәсіп таңдауда, қызмет түрін ауыстыруда және кәсіптік білімді, дағдыларды, жеке басының мүдделерін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып біліктілігін арттыруға практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

3) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы мен еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) арасындағы, ал Кодексте көзделген жағдайларда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке немесе заңды тұлғалармен арадағы, тараптардың құқықтарын және міндеттерін айқындайтын, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

4) білім беру ұйымдары – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілердің жанындағы оқу орталықтары;

5) дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

6) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

7) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

8) жұмыссыз – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

9) кәсіптік оқыту – Кодексте көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтар (кәсіптер), дағдылар алу және біліктілігін арттыру мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды қамтитын оқыту;

10) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын филиалы;

11) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарын айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

12) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Кәсіптік оқыту жөніндегі қызметтер мемлекеттік білім беру тапсырысы болып табылады және өнім берушілермен шарттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26502 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 12 бұйрық) бекітілген Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларына сәйкес жасалады.

4. Кәсіптік оқытудың ұзақтығы біліктілік пен дағдылардың ерекшеліктерін ескере отырып, 6 (алты) айдан аспайтын мерзімді құрайды.

2-тарау. Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1-параграф. Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

5. Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту (бұдан әрі – Оқыту) жұмыс берушілердің меншік нысанына қарамастан олардың сұратуы бойынша ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды тұрақты түрде жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан аса қызмет ететін жұмыс берушілердің қатысуына жол беріледі.

6. Оқытуды өткізуге арналған біліктіліктер мен дағдылардың тізбесін мансап орталығы жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде қалыптастырады.

7. Оқытуды ұйымдастыру үшін жұмыс берушілер Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинеті" арқылы ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейінгі мерзімде мансап орталығына алдағы қаржы жылына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мансап орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімдерді осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген жұмыс берушілерді іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мансап орталығы жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін аудандық (қалалық) комиссияға жібереді.

9. Аудандық (қалалық) комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде біліктілікті (дағдыларды), кәсіптік оқытуға жолданатын жұмыссыздардың санын, оқыту ұзақтығын көрсетумен өтінімдері бойынша Оқыту ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушіні Тізбеге енгізу бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарттар шеңберінде түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушінің міндеттемелері толық орындалған кезде жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілердің тізбесі бюджет қаражаты болған кезде тоқсан сайынғы негізде Тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы қаржы жылы ішінде жаңартылады.

10. Мансап орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бекітілген соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді.

Тізбеге енгізілмеген жұмыс берушілер қаржы жылы ішінде алдыңғы өтінім берілген күннен бастап 3 ай өткен соң қайта өтінім береді.

11. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ӨКП) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беру ұйымдарын іріктеуді жүзеге асырады және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтары мен оқу орындарының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізеді.

12. Білім беру ұйымдары:

1) тәлімгерлікпен дуальды оқыту элементтерін пайдаланған;

2) оқуды аяқтаған, біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға белгіленген үлгідегі куәлік немесе сертификат бере отырып, кәсіптік оқытуды өткізу бойынша кемінде 6 (алты) ай тәжірибесі болған не білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бойынша білім беру қызметіне лицензиясы болған (кәсіпорындар немесе салалық қауымдастықтар жанындағы оқу орталықтары үшін кәсіптік оқыту жүргізу тәжірибесі талап етілмейді);

3) өндірісте кемінде бір жыл кәсіптік практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылары болған;

4) кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары болған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-1. Бұл ретте ағымдағы қаржы жылы Оқытуды ұйымдастыруға алдыңғы күнтізбелік жылы оқуды аяқтаған жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру деңгейі

жұмыс беруші өтінім берген күнге кемінде 60%-ды құрайтын білім беру ұйымдары жіберіледі.

Осы талап Оқытуды ұйымдастыруға алғаш рет қатысатын және (немесе) мүгедектігі бар адамдарды Оқытуға мамандандырылған білім беру ұйымдарына қатысты қолданылмайды.

Жұмысқа орналастыру мынадай:

- 1) мерзімді әскери қызметке Қарулы Күштерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына шақырылған;
- 2) үш жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген;
- 3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) қайтыс болған;
- 6) мүгедектігі бар;
- 7) хабар-ошарсыз кетті деп танылған;
- 8) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұмыссыздарды есепке алмай есептеледі.

Жұмысқа орналастыру деңгейі міндетті зейнетақы жарналарының бар болуы негізінде айқындалады және алдыңғы бір жылдан аспайтын кезеңде жұмыссыздарды оқуды аяқтағаннан кейін үш ай өткеннен кейін тексеріледі.

Жұмысқа орналасқандардың есебіне алдыңғы күнтізбелік жылы Оқытуды ұйымдастыруға өтінім берген жұмыс беруші тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған ең төменгі жалақының 10%-ынан кем емес мөлшерде міндетті зейнетақы жарналарын аударып отырған жұмыссыздар алынады.

Ескерту. Қағидалар 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Оқытуға қатысқысы келетін үміткерлер мансап орталықтарына:

- 1) жеке басты куәландыратын құжатты;
- 2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);
- 3) бар болса білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), оқытудан өткенін растайтын құжатты (куәлік, сертификат);
- 4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30

қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесін;

5) екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы (карталық) шоттың нөмірін (білім беру ұйымына қабылданған соң ұсынылады) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жеке басты куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар жұмыссызға қайтарылады.

Мансап орталығы оқуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және электрондық пошта арқылы жұмыс берушілерге келісуге жібереді.

14. Жұмыс беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тізілімге сәйкес білім беру ұйымының 2 нұсқасын көрсете отырып, үміткерлер тізімін келіседі. Үміткерлер жұмыс берушінің ұсынысы негізінде білім беру ұйымдарын таңдайды.

15. Жұмыссыздар білім беру ұйымын таңдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мансап орталығы жұмыссызға оның келісімімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымына оқуға жолдама береді.

Еңбек мобильділігі орталығы жұмыссызбен, білім беру ұйымымен және жұмыс берушімен осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік оқыту бойынша әлеуметтік келісімшарт (бұдан әрі – Әлеуметтік келісімшарт) жасасады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Жұмыссыз мансап орталығынан жолдама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына Оқыту мәселесі бойынша жүгінеді.

17. Білім беру ұйымы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыссыздарды оқытуға қабылдайды және мансап орталығына қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

18. Білім беру ұйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және ӨКП келісімі бойынша дуальды оқыту элементтері бар білім беру (оқу) бағдарламаларын әзірлейді.

19. Дуальды оқыту элементтері бар білім беру (оқу) бағдарламалары теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы көздейді.

20. Білім беру ұйымы оқытуды күндізгі нысанда және (немесе) онлайн режимде жүзеге асырады.

21. Білім беру ұйымы жұмыссыздарды:

1) білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан дәлелсіз себептермен қалған

;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 125 бұйрық) бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда оқудан шығарады.

22. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған жұмыссыздар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір күнтізбелік жыл өткен соң ғана оқудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

23. Білім беру ұйымы № 125 бұйрыққа сәйкес жұмыссыздарға қорытынды аттестаттау өткізеді.

24. Білім беру ұйымдары оқытуды аяқтаған жұмыссыздарға "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 385 бұйрық) тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес нысан бойынша куәлік немесе сертификат береді.

25. Жұмыссыз оқуды сәтті аяқтағаннан кейін жұмыс беруші Әлеуметтік келісімшарт негізінде оны 10 (он) жұмыс күні ішінде мәлімдеген жұмыс орнына кемінде 6 (алты) ай мерзімге жұмысқа орналастырады.

26. Жұмыс беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде мансап орталығына жұмысқа қабылдау немесе жұмыссыздарды жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы хабарлайды.

27. Мансап орталығы жұмыссыздың оқудан өткені және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер штатының саны қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші жұмыссызды тұрақты жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, жұмыссызға төлеген материалдық көмек пен стипендия сомасын қоса алғанда, мемлекеттің оқуға жұмсаған шығыстарын бюджетке қайтарады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Білім беру ұйымы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне карьерлік орталыққа осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы есепті және № 12 бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісін ұсынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

30-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Мансап орталығы есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде Білім беру ұйымдарының мәліметтерінің негізінде "Еңбек нарығы" ААЖ-ға оқып жатқан жұмыссыздардың статустары бойынша деректерді қояды.

2-параграф. Шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарын кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

31. Білім беру ұйымдары шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздарды (мансап орталықтарында тіркелуіне қарамастан) кәсіптік оқытуды өткізу үшін мобильді оқу орталығын құрады.

Мобильді оқу орталығының мүліктік кешені:

1) технологиялық жабдықты жеткізуге және оқытуды жүргізуге арналған жылжымалы көлік құралын;

2) оқыту технологиялық жабдықтарын қамтиды.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Үміткер тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына, ал тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне (бұдан әрі – әкім) жүгінеді.

Әкім кәсіптік оқудан өтуге ниет білдірушілердің тізімін қалыптастырады және оны мансап орталығына жібереді.

33. Мансап орталығы ӨКП-мен бірлесіп тиісті өңірдің еңбек нарығында талап етілетін кәсіптер мен дағдылардың тізбесін айқындайды.

34. Кәсіптер мен дағдылардың тізбесі айқындалғаннан кейін бір ай ішінде еңбек мобильділігі орталығы білім беру ұйымымен шарт жасасады, оның шеңберінде жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға жіберу жүзеге асырылады.

Бұл ретте, кәсіптер мен дағдылар бойынша орындарды бөлуді карьерлік орталықтың ұсынуы бойынша аудандық комиссия айқындайды.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Білім беру ұйымы ӨКП-ның және мансап орталығының келісімі бойынша дуальды оқыту элементтері бар білім беру (оқу) бағдарламаларын әзірлейді.

36. Шалғайдағы ауылдық елді мекендер бойынша жылжымалы оқу орталығының шығу кестесін халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады және бекітеді.

37. Мобильді оқу орталығының оқу қызметін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымының басшысы өндірістен мамандарды тарта отырып, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан инженерлік-педагогикалық қызметкерлер тобын және олардың негізгі қызметінің кестесін ескере отырып, мобильді оқу орталығында жұмыс істеу мерзімдерін айқындайды.

38. Кәсіптік оқуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға білім беру ұйымы № 385 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша сертификат береді.

39. Кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін мансап орталығы жұмыссызға жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

40. Білім беру ұйымы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне қарай осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мансап орталығына мобильді оқу орталығындағы кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы есепті ұсынады.

3-параграф. Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытуды қаржыландыру қағидалары

41. Оқытуды қаржыландыруды халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

42. Білім беру ұйымдарындағы Оқытудың құнын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім беру басқармасының және ӨКП-ның ұсынымы бойынша өңірлік комиссиялар жыл сайын белгілейді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар оқу ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, Қазақстан Республикасының заңнамасында жұмысшы біліктіліктер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқып жатқан студенттер үшін белгіленген мөлшерде стипендиямен, сондай-ақ, жол жүруге, тұруға және медициналық тексеріп-қараудан өтуге материалдық көмекпен қамтамасыз етіледі.

44. Материалдық көмек:

1) облыс шегінде, бірақ жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған барлық кезеңде оқу орнына баруға және қайтуға 4 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде жол жүруге;

2) жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған уақытта Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, Атырау және Маңғыстау облыстарында тұруға ай сайын – 15 АЕК мөлшерінде, қалған облыстарда тұруға ай сайын – 10 АЕК мөлшерінде;

3) оқудың барлық кезеңінде медициналық тексеріп-қараудан өтуге 2 АЕК мөлшерінде беріледі.

45. Материалдық көмек шығыстарды растайтын құжаттар ұсынылмай, білім беру ұйымы берген сабаққа келуі туралы анықтаманың негізінде төленеді.

46. Оқытудан онлайн режимде өткен кезде тұруға және жол жүруге материалдық көмек төленбейді.

47. Еңбек мобильділігі орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне қарай білім беру ұйымы ұсынған есептіліктердің негізінде жұмыссыздардың ағымдағы (карточкалық) шоттарына стипендия мен материалдық көмекті аударады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Еңбек мобильділігі орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне қарай білім беру ұйымы ұсынған орындалған жұмыстардың актісінің негізінде білім беру ұйымының есеп айырысу шотына жұмыссыздарды оқыту ақысын аударады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

49. Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқыту (бұдан әрі - Жұмыс орнында оқыту) ағымдағы жылға:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жұмыс істеп тұрған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер мәртебесі болған;
- 2) жарғыда кадрларды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі норма (ереже) болған;
- 3) бір жылдан астам жұмыс істеп тұрған;
- 4) салықтар, жарналар және аударымдар бойынша мерзімі өткен берешегі болмаған;
- 5) өндірісте кемінде бір жыл кәсіптік практикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті жұмыскерлері болған;
- 6) жұмысшы біліктілігі бойынша кадрларды даярлаудың жеке бағдарламасы болған;
- 7) алдыңғы жылы Жұмыс орнында оқытуды аяқтаған жұмыссыздардың кемінде 60%-ын жұмысқа орналастырған кезде жұмыс берушілердің базасында ұйымдастырылады.

Осы тармақтың 7) тармақшасының талабы Оқытуды ұйымдастыруға алғаш рет қатысатын және (немесе) мүгедектігі бар адамдарды оқытуға мамандандырылған жұмыс берушілерге қолданылмайды.

49-1. Жұмысқа орналасқандардың саны:

- 1) мерзімді әскери қызметке Қарулы Күштерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына шақырылған;
- 2) үш жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген;
- 3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) қайтыс болған;
- 6) мүгедектігі бар;
- 7) хабар-ошарсыз кетті деп танылған;
- 8) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұмыссыздарды есепке алмай есептеледі.

Жұмысқа орналастыру деңгейі міндетті зейнетақы жарналарының бар болуы негізінде айқындалады және алдыңғы бір жылдан аспайтын кезеңде жұмыссыздар Жұмыс орнында оқытуды аяқтағаннан кейін үш ай өткеннен кейін тексеріледі.

Жұмысқа орналасқандардың есебіне есебіне алдыңғы күнтізбелік жылы Жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыруға өтінім берген жұмыс беруші тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған ең төменгі жалақының 10%-ынан кем емес мөлшерде міндетті зейнетақы жарналарын аударып отырған жұмыссыздар алынады.

50. Жұмыс орнында оқытуды ұйымдастыру үшін жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинеті" арқылы ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейінгі мерзімде мансап орталығына алдағы қаржы жылына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

51. Мансап орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімдерді осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген жұмыс берушілерді іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мансап орталығы жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін аудандық (қалалық) комиссияға жібереді.

52. Аудандық (қалалық) комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде біліктілікті (дағдыларды), кәсіптік оқытуға жолданатын жұмыссыздардың санын, оқыту ұзақтығын көрсетумен өтінімдері бойынша Жұмыс орнында оқыту ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі бюджет қаражаты болған кезде қаржы жылы ішінде тоқсан сайынғы негізде жаңартылады.

53. Мансап орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бекітілген соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді.

Тізбеге енгізілмеген жұмыс берушілер қаржы жылы ішінде алдыңғы өтінім берілген күннен бастап 3 ай өткен соң қайта өтінім береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

54-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Жұмыс орнында оқытуға қатысуға ниет білдірген үміткерлер мансап орталығына мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басты куәландыратын құжатты;
- 2) Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);
- 3) бар болса білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), оқытудан өткенін растайтын құжатты (куәлік, сертификат);

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек нарығы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар үміткерге қайтарылады.

Мансап орталығы Жұмыс орнында оқытуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және электрондық поштаның көмегімен жұмыс берушілерге келісуге жібереді.

55. Жұмыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыс орнында оқытуға үміткерлердің тізімін келіседі және қажет болған кезде әлеуетті үміткерлермен сұхбаттасу өткізеді.

56. Мансап орталығы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыссызды жұмыс беруші қабылдаған шешім туралы хабардар етеді және оның келісімімен осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс орнында оқытуға жолдама береді.

Еңбек мобильділігі орталығы жұмыссыздармен және жұмыс берушімен осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік оқыту бойынша әлеуметтік келісімшарт (бұдан әрі – Әлеуметтік келісімшарт) жасасады.

57. Жұмыссыз мансап орталығынан жолдама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге Жұмыс орнында оқыту мәселесі бойынша жүгінеді.

58. Жұмыс беруші Мансап орталығының жолдамасы бойынша жүгінген жұмыссызды Жұмыс орнында оқытуға қабылдайды және онымен оқу кезеңіне еңбек шартын жасасады.

59. Еңбек шарты сабақтарды дәлелсіз себептермен босату және еңбек заңнамаларын сәйкес өз қызметтік міндеттемелерін орындамау жағдайларында, сондай-ақ үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау және (немесе) сертификаттау қорытындысы бойынша бұзылады.

60. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған жұмыссыздар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір жыл өткен соң ғана кәсіптік оқытудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

61. Жұмыс беруші жұмыссызды оқытудың жеке бағдарламасын жасайды және білікті тәлімгерді бекітіп, жұмыс орнында оқытуды жүзеге асырады.

Жұмыс орнында оқытудың жеке бағдарламасы оқыту жүргізілетін жұмыс берушінің құрылымдық бөлімшесінің атауын, оқытуды өткізу нысандарын, тәлімгердің тегі мен атын көрсете отырып, жұмыс берушінің актісімен бекітіледі.

62. Жұмыс орнында оқытуды аяқтаған соң жұмыс беруші жұмыссыздардың кәсіптік даярлығын бағалау бойынша біліктілік емтихан өткізеді.

63. Жұмыс орнында оқытуды аяқтаған жұмыссыздарға жұмыс беруші №385 бұйрыққа сәйкес нысан бойынша сертификат береді.

64. Жұмыссыз жұмыс орнында оқытуды сәтті аяқтағаннан кейін жұмыс беруші Әлеуметтік келісімшарттың негізінде оны 5 (бес) жұмыс күні ішінде тұрақты жұмыс орнына кемінде 12 (он екі) мерзімге жұмысқа орналастырады.

65. Жұмыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мансап орталығына тұрақты жұмыс орнына ауыстыру немесе жұмыссыздарды ауыстырудан бас тарту туралы хабарлайды.

66. Мансап орталығы жұмыссыздың жұмыс орнында оқытудан өткені және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетеді.

67. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші-жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші жұмыссызды тұрақты жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, мемлекеттің оқуға жіберілген жұмыссызға жалақы төлеуге жұмсаған шығыстарын бюджетке қайтарады.

68. Жұмыс беруші ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне мансап орталығына осы Қағидаларға 11 және 12-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жұмыс орнында оқытудың іске асырылу барысы туралы есепті және "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісін ұсынады.

69.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

69-тармақ 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

2-параграф. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды қаржыландыру тәртібі

70. Жұмыс орнында оқытуды қаржыландыруды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

71. Жұмыс орнында оқыту құны жыл сайын ӨКП және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім беру басқармаларының ұсынуы бойынша өңірлік комиссиялармен белгіленеді.

72. Жұмыс орнында оқыту кезеңінде жұмыссыздардың жалақысын Еңбек кодексіне сәйкес еңбек мобильділігі орталығы төлейді.

73. Жалақының бір айдағы мөлшері салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны, банктік қызметтерді және экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда 20 (жиырма) АЕК-ті құрайды.

74. Орындалатын жұмыстың көлеміне және күрделілігіне қарай жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, қажет болған жағдайда, нақты орындалған жұмыс үшін жалақыға қосымша үстеме ақы белгілейді.

75. Еңбек мобильділігі орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне қарай жұмыс беруші ұсынған есептіліктердің негізінде жұмыссыздардың ағымдағы (карточкалық) шоттарына жалақыны аударады.

76. Жұмыссыздарға жұмыс орнында оқыту кезеңінде уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді Еңбек кодексіне сәйкес еңбек мобильділігі орталығы жүргізеді.

77. Еңбек мобильділігі орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне жұмыс беруші ұсынған орындалған жұмыстар актісінің негізінде жұмыс орнында оқыту ақысын жұмыс берушінің есеп шотына аударады.

4-тарау. Сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша Электрондық еңбек биржасында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

1-параграф. Сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша Электрондық еңбек биржасында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

78. Электрондық еңбек биржасында кәсіптік оқыту (бұдан әрі – Оқыту) білім алушылардың белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа дағдыларды жеделдетіп игеруіне бағытталған.

79. Кәсіптік оқыту мансап орталықтарында немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы тіркелгендер қатарындағы жұмыссыздар үшін жүзеге асырылады.

80. Оқытуды ұйымдастыру үшін skills.enbek.kz онлайн режимде кәсіптік оқыту платформасы (бұдан әрі – платформа) жұмыс істейді.

Платформада жұмыссыздарды авторизациялау Электрондық еңбек биржасында тіркелген кезде көрсетілген электрондық пошта, телефон нөмірі немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүргізіледі

81. Білім алушы платформада сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша ұсынылған курстарды өз бетінше таңдайды.

Қажетті практикалық дағдыларды алу үшін білім алушы виртуалды шындық технологияларын пайдалана отырып Оқытуды таңдайды.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20.11.2024 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81-1. Виртуалды шындық технологияларын пайдалана отырып Оқытуды таңдағанда , білім алушы алдымен платформада профильге сәйкес курстан өтеді.

Ескерту. 4-тарау 81-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20.11.2024 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81-2. Оқыту виртуалды шындық технологияларын пайдалана отырып мансап орталықтарында техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тарау 81-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20.11.2024 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Оқыту оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен жеке тәртіппен жүргізіледі.

83. Оқу аяқталғаннан кейін қорытынды тестілеу өткізіледі. Сұрақтардың жалпы санынан 70 (жетпіс) пайыздан астам дұрыс жауап алған білім алушыға платформада курстың атауы және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей нөмір беріле отырып, оқуды аяқтау туралы электрондық сертификат беріледі.

Сертификат платформадағы жеке кабинетте және Электрондық еңбек биржасындағы резюмеде көрсетіледі.

84. Қорытынды тестілеуден өтпеген білім алушы қорытынды тестілеуді 5 (бес) реттен артық емес қайта тапсыруға жіберіледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Оқуды дәлелсіз себеппен өз бетінше тоқтатқан білім алушылар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір күнтізбелік жыл өткен соң оқуға қайта жіберілуі мүмкін, бірақ бір реттен артық емес.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

86-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Мансап орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Еңбек нарығы" ААЖ-да білім алып жатқан жұмыссыздардың мәртебесі бойынша деректерді қояды.

2-параграф. Сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша Электрондық еңбек биржасында кәсіптік оқытуды қаржыландыру тәртібі

87. Платформада оқыту ақылы курстарды қоспағанда, тегін негізде ұсынылады, ақылы курстарға білім алушы курстың авторы белгілеген баға бойынша өз бетінше ақы төлейді.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: мансап орталықтарына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Білім беру ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: КО-1-1

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жұмыс берушілер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейін

ЖСН/ БСН														

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегирленген түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электронды түрде

Кесте

№ р/с	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі	Оқуды ұйымдастыру қажет біліктіліктің немесе дағдының атауы	Оқитын-дардың саны, адам	Оқудың ұзақтығы, айлар
1	2	3	4	5	6

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Мөрдiң орны (бар болса)

"Білім беру ұйымдарында
жұмыссыздарды кәсіптік
оқытуға ағымдағы қаржы
жылына өтінім" әкімшілік
деректерін жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Білім беру ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Білім беру ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды жұмыс берушілер толтырады және мансап орталықтарына ұсынады.

3. Нысанға бірінші басшы не оның міндетін атқарушы адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейін ұсынылады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында өтінім беретін жұмыс берушінің атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында өтінім беретін жұмыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жұмыссыздарды білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қажет етілетін біліктіліктің немесе дағдының атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында білім беру ұйымдарына кәсіптік оқытуға жіберілетін жұмыссыздардың саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында білім беру ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың ұзақтығы көрсетіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

	_____ ауданының (қаласының) мансап орталығының директорына

	мекенжайы бойынша тұратын

	(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтініш

Мені білім беру ұйымына кәсіптік оқуға жіберуіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Күні қолы

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші 20__ жылғы "
__" _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған
адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:

Күні

ҚОЛЫ

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Білім беру ұйымына кәсіптік оқытуға № _____ жолдама

Азамат _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

20__ " __ " _____ бастап 20__ " __ " _____ дейін __ ай мерзімге кәсіптік оқытуға жіберіледі.

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

ҚОЛЫ

Берілген күні

Мөрдiң орны

(кесу сызығы)

Кәсіптік оқытуға жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Білім беру ұйымы мансап орталығына қайтарады

№ _____ жолдамаға хабарлама

(Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

азамат _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20__ жылғы " __ " _____ № _____ бұйрыққа сәйкес _____

(Біліктілік (дағды) атауы)

біліктілігі (дағдысы) бойынша 20__ жылғы " __ " _____ дейін _____ ай мерзімге
кәсіптік

оқытуға қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру ұйымының жауапты өкілі:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

Берілген күні

Мөрдiң орны

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Білім беру ұйымында кәсіптік оқыту жөнiндегi № _____ әлеуметтік келісімшарт

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жасалған орны

Күні

Бұдан әрі "Еңбек мобильділігі орталығы" деп аталатын

_____ облысының (астананың, республикалық маңызы бар
қаласының) еңбек мобильділігі орталығы атынан _____

(ереже, жарғы және т.б)

негізінде әрекет ететін _____,

(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын _____

(ереже. жарғы және т.б)

негізінде әрекет ететін _____

(жұмыс берушінің толық атауы)

атынан _____, бұдан әрі "Білім алушы"

(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

деп аталатын жұмыссыз _____,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

және бұдан әрі "Білім беру ұйымы" деп аталатын кәсіптік оқытуды өткізетін

білім беру ұйымы _____

(білім беру ұйымының толық атауы)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

(ереже, жарғы және т.б)

_____,
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № _____ болып тіркелген) бекітілген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес және _____ ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық (қалалық) комиссиясының 20__ жылғы _____ № _____ шешімінің негізінде білім беру ұйымында кәсіптік оқыту жөніндегі осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Әлеуметтік келісімшарт) жасады және төмендегі туралы келісімге келді:

1-тарау. Әлеуметтік келісімшарттың мәні

1.1. Жұмыс берушінің сұратуы бойынша Білім беру ұйымында Білім алушыны кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру, сондай-ақ Білім алушыны Жұмыс беруші мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа орналастыру.

1.2. Әлеуметтік келісімшарттың жалпы сомасы _____ теңгені

(жазбаша)

кұрайды, оның ішінде білім беру қызметтерін көрсетуге _____ теңге,

(жазбаша)

стипендия мен материалдық көмек төлеуге _____ теңге.

(жазбаша)

2-тарау. Тараптардың міндеттемелері

2.1. Еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы):

1) Білім алушыны _____ Білім беру
ұйымына

(білім беру ұйымының атауы)

_____ алу
үшін

(біліктілік (дағды) атауы)

_____ мерзімге кәсіптік оқытуға жіберуге;

(оқу кезеңі)

2) Білім беру ұйымы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде Білім алушыға стипендия мен материалдық көмекті уақтылы және толық көлемде төлеуге;

3) орындалған жұмыстардың актісінің негізінде Білім беру ұйымына оқу бойынша қызметтердің ақысын уақтылы және толық көлемде төлеуге;

4) Жұмыс берушінің, Білім беру ұйымының және Білім алушының осы Әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыру;

5) Жұмыс беруші жұмысқа қабылдаудан бас тартқан кезде Білім алушыға жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетуге;

6) кәсіптік оқытуды қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалыуына және Білім алушыда міндетті зейнетақы аударымдарының болуына ай сайын мониторинг жүргізуге;

7) Білім алушының жұмыспен қамтудың жеке картасында кәсіптік оқытудан өту және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасу туралы мәліметті көрсетуге міндетті.

2.2. Еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы):

1) тараптардың міндеттемелерін орындау мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардан сұрату және алу;

2) тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

3) Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.3. Білім алушы:

1) оқудан өтуге;

2) себепсіз сабақтан қалмауға;

3) бес жұмыс күні ішінде тараптарды оқудан өтуге кедергі жасайтын жағдайлардың туындауы туралы хабардар етуге;

4) Кодекстің 99-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа орналасуға;

5) басқа тұрақты жұмысқа орналасқан кезде жұмысқа қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде Мансап орталығына тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынуға міндетті.

2.4. Білім алушы:

1) Оқу орындары мен оқу орталықтарының тізілімімен білім беру ұйымын таңдауға;

2) Қағидаларда айқындалған жағдайларда және тәртіппен стипендия мен материалдық көмекті алуға;

3) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) басқа тұрақты жұмысқа өздігінен орналасқан жағдайда жұмыс беруші ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасудан бас тартуға құқылы.

2.5. Жұмыс беруші:

1) кәсіптік даярлықты бағалау жөніндегі біліктілік емтиханына қатысуға;

2) оқуды аяқтағаннан кейін Білім алушыны алған кәсібі бойынша тұрақты жұмыс орнына кемінде 6 (алты) ай мерзімге жұмысқа орналастыруға;

3) Мансап орталығын Білім алушыны жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту (жұмысқа қабылдаудан бас тартқан кезде себебін көрсете отырып) туралы хабардар етуге;

4) заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыссызды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан және кәсіптік оқытудың белгіленген тәртібін бұзған кезде төленген материалдық көмек пен стипендияның сомасын қоса алғанда, мемлекеттің оқуға нақты жұмсаған шығыстарын өтеуге міндетті.

2.6. Жұмыс беруші:

1) өндірістік практикадан өту орнын қамтамасыз етуге (қажет болған кезде);

2) өндірістік практикадан өту уақытында тәлімгер тағайындау (қажет болған кезде);

3) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

4) оқу үшін білім беру бағдарламаларын келісуге құқылы.

2.7. Білім беру ұйымы:

1) Білім алушыны _____ біліктілігі (дағдысы)

(біліктілік (дағды) атауы)

бойынша _____ нысанында кәсіптік оқытуға қабылдауға;

(даярлау немесе қайта даярлау)

2) Қағидаларға 5 және (немесе) 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оқып жатқандар, оқуды аяқтағандар, оқудан шығарылғандар туралы мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынуға;

3) Білім алушыға қорытынды аттестаттауды және біліктілік емтиханын өткізуге;

4) белгіленген үлгідегі біліктілік беру туралы құжат (сертификат, куәлік) беруге;

5) Білім алушының Әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

6) Білім беру ұйымы-заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші Білім беру ұйымы-жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, Білім беру ұйымының экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, кәсіптік оқытудың белгіленген тәртібін бұзған кезде мемлекеттің оқуға нақты жұмсаған шығыстарын өтеуге міндетті.

2.8. Білім беру ұйымы:

1) өндірістік практикадан өту жағдайларын және орнын айқындауға;

2) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

3) Білім алушыны білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан себепсіз қалған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған кезде аудандық (қалалық) комиссияның келісімі бойынша оқудан шығаруға құқылы.

3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Тараптардың Әлеуметтік келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

3.2. Білім алушы оқуды мерзімінен бұрын аяқтаған, Жұмыс беруші, Білім беру ұйымы кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған кезде Әлеуметтік келісімшарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзылуға тиіс.

Әлеуметтік келісімшарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылады, бұл ретте тарап басқа тараптарды бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс.

3.3. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

4-тарау. Форс-мажор

4.1. Тараптар Әлеуметтік келісімшарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды, егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

4.2. Әлеуметтік келісімшарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтиды.

4.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Жұмыс беруші мен Білім беру ұйымы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Еңбек мобильділігі орталығына (мансап орталығына) мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Еңбек мобильділігі орталығынан (мансап орталығынан) өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жұмыс беруші мен Білім беру ұйымы орындылығына қарай

Әлеуметтік келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Әлеуметтік келісімшартты орындаудың балама көздерін іздейді.

4.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Тараптар тікелей келіссөздер процесінде араларында Әлеуметтік келісімшарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

5.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тараптар Әлеуметтік келісімшарт бойынша дауды шеше алмаса онда тараптың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап етеді.

6-тарау. Өзге де жағдайлар

6.1. Әлеуметтік келісімшарт бірдей заңды күші бар төрт данада жасалды.

6.2. Бір тарап басқа тараптарға жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

6.3. Әлеуметтік келісімшартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар жасалған Әлеуметтік келісімшарттың нысанында қосымша келісімшартпен рәсімделеді.

7-тарау. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі

7.1. Осы Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ бастап 20__ жылғы __ дейін.

7.2. Осы Әлеуметтік келісімшарт оған Еңбек мобильділігі орталығы, Білім алушы, Жұмыс беруші және Білім беру ұйымы қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

Тараптардың заңды мекенжайлары:

Еңбек мобильділігі орталығы	
(еңбек мобильділігі орталығының толық атауы)	Білім алушы
(заңды мекенжайы)	(тегі, аты әкесінің аты (бар болса))
(телефоны, факс)	(мекенжайы)
	(телефоны, факс)

(директордың тегі, аты әкесінің аты (бар болса))	_____
(қолы)	(қолы)
М.О.	

Жұмыс беруші	Білім беру ұйымы
_____	_____
(уәкілетті өкілдің тегі, аты әкесінің аты (бар болса))	(уәкілетті өкілдің тегі, аты әкесінің аты (бар болса))
_____	_____
(лауазымы)	(лауазымы)
_____	_____
(заңды мекенжайы)	(заңды мекенжайы)
_____	_____
(қолы)	(қолы)
М.О. (бар болса)	М.О. (бар болса)

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: мансап орталықтарына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: КО-1-2

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Білім беру ұйымдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне қарай

	ЖСН/БСН			
				QR-код

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегирленген түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электронды түрде

Кесте

№ р/с	Білім беру ұйымының атауы	Білім беру ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі	Жұмыссыздың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жұмыссыздың жеке сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5

Кестенің жалғасы:

Есепті айдағы оқу күндерінің саны	Есепті айда сабаққа келген күндерінің саны	Есепті айда сабаққа келмеген күндердің саны, барлығы	Есепті айда дәлелсіз себептер бойынша сабаққа келмеген күндердің саны	Келмеу себебі
6	7	8	9	10

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Мөрдің орны (бар болса)

"Білім беру ұйымдарында
кәсіптік оқытудан өтіп жатқан
жұмыссыздар туралы
мәліметтер" әкімшілік
деректерін жинауға арналған
нысанға қосымша

"Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды білім беру ұйымдары толтырады және мансап орталығына ұсынады.

3. Нысанға білім беру ұйымының басшысы не оның міндетін атқарушы адам, оның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып қол қояды.
4. Нысан есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне қарай ұсынылады.
5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі.
7. Нысанның 2-бағанында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды өткізіп жатқан білім беру ұйымының атауы көрсетіледі.
8. Нысанның 3-бағанында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды өткізіп жатқан білім беру ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
9. Нысанның 4-бағанында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.
10. Нысанның 5-бағанында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
11. Нысанның 6-бағанында есепті айдағы оқу күндерінің саны көрсетіледі.
12. Нысанның 7-бағанында есепті айда жұмыссыздың оқуға келген күндерінің саны көрсетіледі.
13. Нысанның 8-бағанында есепті айда жұмыссыздың оқуға келмеген күндерінің барлық саны көрсетіледі.
14. Нысанның 9-бағанында есепті айда жұмыссыздың дәлелсіз себептер бойынша оқуға келмеген күндерінің саны көрсетіледі.
15. Нысанның 10-бағанында есепті айда жұмыссыздың білім беру ұйымдарына келмеу себептері көрсетіледі.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: мансап орталықтарына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: КО-1

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ айы.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Білім беру ұйымдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне қарай

	ЖСН/ БСН										

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегирленген түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электронды түрде

Кесте

Біліктілік атауы	Оқу мерзімі	Оқудан өтуге өтініш берген адамдардың саны	Оқуға қабылданған адамдардың саны	Оқудан өтіп жатқан адамдардың саны	Оқуды аяқтаған адамдардың саны	Оқудан шығарылған адамдардың саны	Себеп түрлері бойынша оқуды аяқтамаған адамдардың саны	
							Сабактан қалу	Үлгермеу
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кестенің жалғасы:

Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны								
Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы))

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы))

Күні: 20__ жылғы " __ " _____

Мөрдiң орны (бар болса)

"Бiлiм беру ұйымдарында
кәсiптiк оқытудың iске асырылу
барысы туралы мәлiметтер"
әкiмшiлiк деректерiн
жинауға арналған
нысанға қосымша

**"Бiлiм беру ұйымдарында кәсiптiк оқытудың iске асырылу барысы туралы мәлiметтер"
әкiмшiлiк деректерiнiң нысанын толтыру жөнiндегi түсiндiрме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсiндiрме "Бiлiм беру ұйымдарында кәсiптiк оқытудың iске асырылу барысы туралы мәлiметтер" нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Бiлiм беру ұйымдары толтырады және мансап орталығына ұсынады.

3. Нысанға Бiлiм беру ұйымының басшысы не оның мiндетiн атқарушы адам, оның тегi мен аты-жөнi көрсетiле отырып қол қояды.

4. Нысан есептi кезеңнен кейiнгi айдың 1-күнiне қарай ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттiк және орыс тiлдерiнде толтырылады..

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсiндiрме

6. Нысанның 1-бағанында бiлiктiлiктiң атауы көрсетiледi.

7. Нысанның 2-бағанында оқыту мерзiмi көрсетiледi.

8. Нысанның 3-бағанында оқудан өтуге өтiнiш берген адамдардың саны көрсетiледi.

9. Нысанның 4-бағанында оқуға қабылданған адамдардың саны көрсетiледi.

10. Нысанның 5-бағанында оқудан өтiп жатқан адамдардың саны көрсетiледi.

11. Нысанның 6-бағанында оқуды бiтiрген адамдардың саны көрсетiледi.

12. Нысанның 7-бағанында оқудан шығарылған адамдардың жалпы саны көрсетiледi.

13. Нысанның 8-бағанында оқудан шығарылғандардың жалпы санынан сабақтан қалу себебi бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетiледi.

14. Нысанның 9-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабақ үлгермеу себебi бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетiледi.

15. Нысанның 10-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан iшкi тәртiптi бұзу себебiнен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетiледi.

16. Нысанның 11-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан өз еркiмен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетiледi.

17. Нысанның 12-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сырқатына байланысты оқуды аяқтамаған адамдардың көрсетiледi.

18. Нысанның 13-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына алынған адамдардың саны көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жұмысқа орналасу себебімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

20. Нысанның 15-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан қайтыс болғандықтан оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

21. Нысанның 16-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жүктілігіне, босану және бала күтіміне байланысты демалыс алған адамдардың саны көрсетіледі.

22. Нысанның 17-бағанында жалпы шығарылғандардың жалпы санынан тұрақты мекен-жайын ауыстыруына байланысты оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

23. Нысанның 18-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан басқа да жағдайлар бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: мансап орталықтарына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: КО-2-1

Кезеңділік: біржолғы

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жұмыс берушілер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейін

ЖСН/БСН			

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегирленген түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: электронды түрде

Кесте

№ p/c	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі	Оқуды ұйымдастыру қажет біліктіліктің немесе дағдының атауы
1	2	3	4

Кестенің жалғасы:

Оқитындардың саны, адам	Оқудың ұзақтығы, айлар	Бір айдағы оқудың құны, теңге
5	6	7

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Мөрдің орны (бар болса)

"Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды жұмыс берушілер толтырады және мансап орталықтарына ұсынады.

3. Нысанға бірінші басшы не оның міндетін атқарушы адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейін ұсынылады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

- 6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмір көрсетіледі.
- 7. Нысанның 2-бағанында өтінім беретін жұмыс берушінің атауы көрсетіледі.
- 8. Нысанның 3-бағанында өтінім беретін жұмыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
- 9. Нысанның 4-бағанында жұмыссыздарды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қажет етілетін біліктіліктің немесе дағдының атауы көрсетіледі.
- 10. Нысанның 5-бағанында жұмыс берушіге кәсіптік оқытуға жіберілетін жұмыссыздардың саны көрсетіледі.
- 11. Нысанның 6-бағанында жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың ұзақтығы көрсетіледі.
- 12. Нысанның 7-бағанында жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың ай сайынғы құны теңгемен көрсетіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!
8-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2026 № 202 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Нысан

	_____ ауданының (қаласының) мансап орталығының директорына

	мекен-жайы бойынша тұратын

	(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтініш

Мені жұмыс берушідегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуға жіберуіңізді сұраймын.
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Күні

қолы

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші 20__ жылғы "
